

етістік пен толықтырғыш мүшенің арасына қоюға болмайды.

Мысалы: ①这件事我办得了。

\*我办这件事得了。

Бұл үш түрлі мүмкіндік толықтырғыш, мүмкін не мүмкін еместікті қайталай сұрайды.

Мысалы: ①买得起买不起?

②看得看不得? 菜得来不了?

### 6. 介词短补语

### Предлогты

#### толықтырғыш мүше

由 自 向 在 到 қатарлы сөздер предлогты сөз тіркесін қалыптастырып етістіктің, сын есімнің соңына келеді. Сөйтіп мезгілді, орынды, бағдарды салыстырады. [6:253]

Мысалы: ①养老院坐落在半山腰。(处所)

②溪水欢快地流向远方。(方向)

Предлог сөз тіркесі толықтырғыш мүше болғанда фонетикалық кідіріс предлогтан кейін болады. Шақтық мағынаны білдірген болса предлогтың соңына қойылады. Етістіктің соңына қоюға болмайды.

Мысалы:

①我把那几本辞典放在了你的桌子上。

②\*我把那几本辞典放在了在你的桌子上。

#### Толықтауыш пен толықтырғыш мүшенің рет-тәртібі

Толықтауыш пен толықтырғыш мүше екеуі бірдей етістіктің соңында келсе, екеуінің рет-тәртібі мынадай бірнеше түрлі жағдайда болады. [5:69]

“谓+补+宾”格式:

①我们制定好了学习计划。

②班主任征求了量词意见。

“谓+宾+补”格式:

①古丽江等了哈山三小时。

②我找了你好三次。

“谓+宾+补+谓+补+宾”格式:

①我好容易才回家一趟。

②我好容易才回了一趟家。

“谓+宾+谓+补”格式:

①他开车开得好。

②他写字写得快。

谓+补+宾+补。

①他们说起话来。

②他们走进教室去了。

\*\*\*

1. Lu Jianming. Shubu jieyou yuyi fenxi. Beijing, 1990

2. Lu Jianming. Shi duo nian li xiandai han yu yanjiu guanjian. Beijing, 1990

3. Wang Li. Zhonguo xiandai yufa. Beijing, 1985

4. Яхонтов С.Е. Основные понятия грамматики изолирующих языков. М., 1982

5. Li Linding. Xiandai han yu juxing. Beijing, 1986

6. Wan Meng. Zai Yile. Beijing, 1984

\*\*\*

В этой статье рассматривается дополнительный член предложения и его разновидность.

\*\*\*

In this article rates complementary union of sentence and his variety.

## А. Сейтхан

### АРАБ КАЛЛИГРАФИЯСЫ: ТАРИХИ ШОЛУ

Арабтар дүние жүзіне тек дінді ғана таратып қоймай, сонымен қатар, тілі мен алфавитін де таратты. Мұсылман діні дүниенің қайсыбір бөлігіне келетін болса, сол жерге араб тілі мен жазуы да еніп отырған. Сол себептен, араб тілі Солтүстік Африка мен Таяу Шығыс елдері үшін мемлекеттік және ана тілі болып қалыптасып кеткен.

Ислам дінін қабылдаған елдерде араб тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие

болмаса да, ол діни тіл ретінде қолданыста болды. Құран, араб тілінде жазылғандықтан, діннің шарттарын орындау және күніне бес уақыт намаз оқу тек араб тілінде жүргізілуі керек болатын. Осы себептен араб тілін қазіргі таңда Атлантика жағалауындағы Мавританиядан, Солтүстік Африкадан, көптеген Азия елдері мен Қиыр Шығыстағы Индонезия мен Филиппиннен естуімізге болады. Қытайдың өзінде

(мұсылман тұрғындар саны 40 миллион адамды құрайды) және Орталық Азиядағы бірқатар ТМД елдерінде араб тілін Шахаданы, сүрелерді және қасиетті Құран Кәрімді декламациялаған (лат. declamation – мәнерлеп оқу өнері ) кезде естуімізге болады.

Ал енді біз сөз етпек болып отырған араб жазуы, осы дыбыстық жазу түріне жатады. Тілдердің генеалогиялық классификациясы жағынан топтастырылуына қарасақ, араб тілі семит-хамит тілдер тобына жатады. Бұл топқа араб тілімен бірге тигре, тигран тілдері және өлі тілдерден аккад, еремей, финикия т.б. тілдері жатады.

Араб жазуына жатпайтын көптеген тілдер жазуының негізінде араб алфавиті жатыр. Нақты айтатын болсақ, араб графикасын Иран тілдері қолданып келеді – парсы, пушту және афган; түркі тілдері – Түркі Оттоман империясы және басқа да Әзірбайжандағы, Кавказдағы, Түркістандағы және Қытайдағы түрік диалектілері. Үнді және Малай түбектеріндегі тілдер – Үнді елінің урду мен ежелгі малай тілдері; Коморо мен Мадагаскар аралдарының тілдері; Солтүстік Африкадағы тілдер – *бербер тілі*; орта ғасырларда жазылған Испан әдебиеті; Славяндық Европада – мысалы, *хорват* тілі; Африка материгінің қара нәсілді адамдарының тілдері – *банту* тобы. Олар Чад өзенінің жағалауында таралған *суахили, судандық хауса, пель* тілдері.

Ал араб жазуы, ежелгі Вавилонда б.з.б. 2000 жыл аккад, шумер тайпаларының жазба әріптері негізінде пайда болған. Осы жазу негізінде одан кейін б.з.б. 4000 жылдықтың орта шенінде Египетте ежелгі египет жазуы пайда болды. Одан кейін, б.з. II ғасыр шамасында Арабияда, арамей жазуы негізінде жасалды. Ал осы арамей жазуының өзі б.з.б. 1000 жылдық басында финикия жазуы негізінде пайда болды. Көне жазудың бір түрі ол бірыңғай дауыссыз дыбыстардан тұрады. Әр дауыссыздардан кейін дауысты дыбыс қосылып оқылады және оңнан солға қарай

жазылады. Осы жазу негізінде араб, еврей, моңғол жазулары дамыған.

Исламға дейінгі кезеңде араб жазуының мынадай даму кезеңдері болған:

1. Белгілі бір заттың бейнесіне негізделген *идеографиялық* кезең.
2. Жазудың негізі көркемдік таңбаға негізделетін *таңбалық (период символики)* кезең.
3. Адамзаттың алғаш рет алфавитке деген жасаған қадамы. Көркемдік буындар сөздерді құрап отырған.
4. Белгілердің суреттері алфавит үшін суреттердің атауларынан алынған *дыбыстық* кезең.
5. Ежелгі Шумерде алғашқы алфавиттың негізін салған белгілерді ойлап тапқан – алфавиттік кезең.

Қазіргі таңда араб алфавиті 28 әріптен(қосымша әріптер араб жазуын қолданып жүрген Иран және Пакистан тілдерінде кездеседі) тұрады. Ол әріптердің әрқайсысы бір-бірінен формалары өзгеше 4 формаға дейін ие болады. Мысалы, «айн» (“ع”) әрпін алатын болсақ, онда оның жазылуының төрт түрі болады. Жекеше (“ع”), сөз басында (“ع”), ортасында (“ع”) және соңында (“ع”) формалары. Ағылшын және басқа да Европа елдерінде қолданып жүрен алфавиттен бірден-бір ерекшелігі – жазу жолы оңнан солға жазылады. Тағы бір ерекшелік, ол араб жазуы сәндік және көркем шығармашылық стильде қолданып келеді. Латын немесе қытай және жапон жазуларының мұндай қасиетке ие болмайды деп кесіп айтуға, әрине, болмайды. Соның өзінде де, жазудың баспа түрі пайда болғанынан кейін, каллиграфия (тура мағынасы «керемет және шебер жазу өнері») ағылшын және басқа да Европа тілдерінде тек арнайы құжаттар мен ерекше бір кездерде ғана қолдана бастады. Соның әсерінен оның мәртебесі ақырындап екінші орынға ығыстырылды.

Араб алфавитін қолданып жүрген елдерде, каллиграфия тек арнайы құжаттарда емес, сонымен қатар басқа да көптеген көркемдік мақсаттарда қолданып келеді. Осыған себеп болған, нәрсе көптеген еңбектердің араб жазуымен

жазылуы. Қолмен жазудан баспа жазуына көшу араб елдерінде бірнеше жүзжылдықтарға созылып келді. Араб әлемі кітаптар (әсіресе Құран) мен құқықтық және басқа да құжаттарды тек қолмен жазуға машықтанып алған. Араб жазуының дамуында басты бағыт, каллиграфия мен көркем қолжазба формаларына негізделген, ал Батыс елдерінде баспасөз бірінші орында тұр /1, 59-60/.

Көркем каллиграфия дамуының ең басты себептерінің бірі – діни негіздерге сүйенуінде. Ислам дінінде біз білетіндей тірі жандарды бейнелеуге болмайды, себебі адам баласы «әл-Халик» (الحالق) «әл-Бәри» (Жаратушы) және «әл-Мусауир» (Кейіп беруші) Алла тағаламен тең келе алмайды. Тағы бір айта кететін жайт, алғашқы мұсылман қауымдастығы тек қана сурет салу өнеріне қарсылық көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар кей жағдайларда бүкіл өнер атаулының барлығынан да бас тартып отырды. Олардың пайымдауынша, өнер – қауымды Құдайға бас июінен алшақтатады және Мұхаммад (с.а.с) пайғамбар уағыздаған Ислам дініне қарсы қояды. Ислам құқықтық мектептерінің барлығы да: «Қандай да бір суретші белгілі бір мүсінді қағаз бетіне түсіретін болса, онда ол ахирет күнінде жазаға тартылатын болады» деп жария еткен. Сонымен қатар Ирандағы шейіттер Суннаның хадистерін мойындамайтындықтан, оларда миниатюралар салына берген. Тірі жанның бейнесін салуға тыйым салынады деген хадис Құран Кәрімнің 22 сүре, 73 аятына сілтеме жасау арқылы пайда болған. Онда былай делінеді: «Әй адам баласы! Бір мысал келтірілді. Енді соған құлақ салындар: Сендердің Алладан өзге табынғандарың, барлығы жиылса да әсте бір шыбын жарата алмайды. Сондай-ақ егер шыбын олардың бір нәрсесін алып қашса, одан оны құтқара алмайды. Өйткені, іздеуші де ізделген де нашар» /2, 341/ Осылайша, сол күндерден бастап, енді сәндік және ою-өрнек өнері қарқынды түрде дами түсті. Адамдар мен жануарлар бейнесін салуға тыйым салынғаннан бастап, көп жағдайда суретшілер енді сол

кезден бері танымал болған арабескалар (негізінде қатаң геометриялық формалар немесе жапырақтардың не гүлдердің суреттері болатын композициялар) салу немесе каллиграфия өнеріне бет бұрды. Араб каллиграфиясының мақсаты енді біраз өзгере бастады. Дәстүр бойынша, араб жазуы тек Құран Кәрімнің (араб жазуының алғашқы және бірнеше жүзжылдықтарға созылған мақсаты) нұсқаларын көбейту емес, алуан түрлі көркемдік мақсаттарда қолданылды. Мысал келтірсек, фарфорда және металдан жасалған бұйымдарда, кілемдерде және басқа да тоқыма бұйымдарда, тиындарда және сәулет ою-өрнектерінде ең бастысы, мешіттерде және қабірлерде, бірақ бертін келе кез келген басқа да ғимараттар мен құрылыстарда қолданған.

Араб каллиграфиясының гүлденген кезеңі Дамаскідегі Омейяд халифаты кезеңіне сай келеді. Сол кезеңде хаттаттар бұрынғы салмақты және қалың куфи жазуын жаңартумен айналысты. Сонымен қатар, курсивті насх жазуынан шығатын басқа жа стильдерді ойлап шығарған.

Енді Аббасидтер тұсында, алғаш рет мұсылман каллиграфиясын арнайы жүйеге келтіру туралы ой туады. X ғасырдың бірінші жартысында Аббасидтердің уәзірі Ибн Муқла куфи жазуының формалары мен пропорцияларын, жазылу техникасын біржолата аяқтаумен қоса, араб каллиграфиясының стильдерін негізгі классикалық алты түрге бөліп кеткен. Оны «араб каллиграфиясының алтылығы» деп атаймыз. Оған мыналар жатады: *насх* (осы жазудан көптеген басқа курсивті жазулар тараған), *сульс* (насхтың едәуір курсивті түрі), *райхани* (сульстің оюменен мол безендірілген түрі), *мухаққақ* (қою және кең диагональ сызықтары бар жазу түрі), *тауки* (құрамында сульстің элементтері кездесіп, әріптерінің барлығы бір-бірімен байланысып жатады), *руқға* немесе *риқға* (қазіргі кезде көптеген араб елдерінде қарапайым күнделікті өмірде қолданылып жүрген жазудың түрі). Осы классикалық алты жазу түріне арқа сүйеп, Иран, Түркия және араб елдерінде оларға ұқсас жаңа жазу түрлерін ойлап шығарған. Мысал үшін, Иранда көрнекті және салмақты

*тағлиқ* атты жазуды ойлап тапқан. Оның ерекшелігі, көлденең сызықтары созылықы, ал парақтағы жазылуы белгілі бір бұрышқа байланысты. Осы жазудың арқасында оқуға жеңіл келетін насх және тағлиқ жазуларының элементтеріне сүйеніп, *настағлиқ* стилі қалыптасты.

Оттомандық каллиграфия ең үздік көрсеткіштерге ие болды. Оттомандық каллиграфтардың соншалықты әйгілі болғандығы, олар туралы мынай сөздер айтылған: «Құран Кәрім Меккеде ашылған, Египетте оқылған, Стамбулда жазылған». Түрік каллиграфтары арабтардан қалған мұра ретіндегі жазу стильдерін дамытып, оларға жаңалық қосқандарымен қатар, өздерінің шығармашылықтарынан тың жазу стильдерін ойлап шығарған. Оттомандық түріктердің тағыда бір еңбегі – ол *туғра* (الطغراء) мағынасы *монограмма немесе вензель* (wezel /поляк/– түйін). Бір-бірімен ою түрінде байланысқан адамның атының не фамилиясының бас әріптері. Бұл жағдайда сұлтандардың есімдерін Оттомандық императордың жарлықтарын растау үшін жазып отырған. Сәл кешірек, *туғраны* тек Түркия билеушілері ғана емес, сонымен қатар араб билеушілері де өз аттарын европалық патшалар секілді тиындардың және мөрлердің артқы бетіне салып отырған, бірақ европалық патшалар көп жағдайда мемлекетінің елтаңбасын салып отырған.

Сонымен қатар ислам дәуірі басталғанда, яғни VII ғасырда ең алғашқы шрифттің төрт бұрышты формадағы түзу геометриялық шрифттер ол куфилық (ирақтағы Куфа қаласының атауымен) аталады. Ол жазу құранның қолымен жазылған алғашқы көшірмелерінде және ислам империясының алғашқы жылдарында сәулеттік құрылымдарды безендіру үшін пайдаланылған. Бұл жазуды енгізген Хазрет Али болатын. Бұл куфи жазуын Мұхаммад Пайғамбарымыз (с.а.с) «дүниедегі білімнің жартысы» деп атаған.

Ең алғашқы жазуды шығарған Хазрет Али болғандықтан, кейінгі басқа араб жазуын ойлап шығарған шеберлердің түсіне Али кіріп аян берген делінеді.

Мәселен, XIV ғ. аяғында атакты Хусни хатшы Мира Әли Тебризи «насах» пен «таликтің» қосылған түрі «насталик» жазуын жасайды. Аңыз бойынша Мир Әли Тебризидің түсіне Али кіріп аян берген екен «Ей, Алланың құлы! Үйректің пішініне назар сал да, жаңа бір жазудың түрін жаса», деген екен.

Мир Әли: «О, Алланың сұлтаны! Кәдімгі үйректің сыртқы түріне қалай жазу ойлап шығаруға болады?», деп сұрағанда, Өзрет Әли: «Үйректің көзіне, тұмсығына, мойнына қара, олардың қалай иіліп дөңгелегеніне назар сал, жазуды сондай қыл!» дейді.

Көркемдік араб жазуында о бастан ақ бар болған ерекшелік. Егер Еуропа алфавиттерінің әріптері негізінен көлемі жағынан бір келкі болып, бір жол бойына жазылса, ал араб әліпбиінің әріптері көлемі жағынан әртүрлі. Олардың ені, биіктігі, ұзындығы әрқелкі болып келеді.

Сонымен қатар, куфи жазуы X ғасырға дейін қолданыста болып келді. Осы кезде бұл жазу дәрежесін өте жоғары бағалады. Сонымен, X ғасыр келгенде араб жазуының дөңгеленген формалардан құралған нұсқалары пайда болды. «Насх», «сульс», «мухаккак» деп аталатын түрлері, бұл ағайынды каллиграфтар Әли мен Абдулла ибн Муқлалар X ғасырға дейін ойлап шығарған.

Мұсылман каллиграфиясы – бұл әрі сәндік, әрі көркемдік өнердің түрі. Кейбір жағдайларда, мұсылман каллиграфиясы өзінің бастапқыда білдіретін мағынасын жоғалтып, ою-өрнекке айналып кеткен.

Араб жазуының эволюциясының арқасында әріптердің формалары үлкен өзгеріске ұшырады. Ол көркемдік тенденциялары мен араб-мұсылман қауымдастығындағы эстетикалық ықпалмен анықталған. Жазудың эволюциялануының бірден-бір болған факторы – ол графикалық жазудың көркемдік формаларға ассимиляциялануы.

Белгілі бір жазу түрін белгілі бір кезеңде қолдану – нақты бір ортаның талап етуімен белгіленіп отырған. Осындай алуан түрлі талаптардың әсері нәтижесінде жаңа каллиграфиялық стильдер пайда болды. Араб жазуымен қандай да бір нәрсе

байланысты болатын болса, онда ол өзінің діни шарттылығымен мұсылман әлемінде ерекше статуска ие болып отырған. Материализация және Пайғамбардың Жолдауының құралы болып, жазу, Құран мәтіндерін толыққанды зерттеп, терең және нақты түсінуін талап еткен. Осы жағдайдың барлығы Құран мәтіндерін зерттеуге және жаттауға жол ашқан.

Араб-мұсылман империясының сакральді және мәдени тілі ретінде, араб тілі қарқынды түрде Араб түбегі территориясынан тыс басқа елдерге тарала бастады. Жаулап алынған жерлерде араб тілі және жазуы өзіне дейінгі жергілікті жазу-сызу жүйелерін шетке ығыстырып, ауыстырды. Жазудың таралуы сонымен қатар, араб графикасын шет елдің тіліне енгізу болды. Сайып келгенде, каллиграфиялық стильдердің дамуы жергілікті мәдени, ұлттық ерекшеліктердің және араб тілінің экспансивті дамуының нәтижесінде жүзеге асты /3, 53/.

### **Каллиграфия және каллиграфтар (хаттағтар)**

Каллиграфтар өздерінің бүкіл өмірлерін қолжазбаларды жазу мен каллиграфия өнерін дамытуға белсенді түрде ат салысқан. Олар каллиграфия өнерін кішкентай кездерінен бастап, ұзақ уақыт мерзімінде *муфрад* атты арнайы жазу дәптерлерімен үйрене бастаған. Муфрад дәптерінің құрамына бөлек-бөлек әріптермен қатар, әріптердің әртүрлі комбинациялары, яғни белгілі бір әріптің жекеше, сөздің басындағы, ортасындағы, соңындағы формалары кіреді. Күнде бірнеше сағат бойы бас көтермей дайындалып отыратын болған. Атақты каллиграфтың бірі **Йақұт әл-Мұста'сими** тек өзінің шәкірттеріне ғана ұзақ уақыт бойы жазу жазғызып қоймай, оның өзі де күнде Құран Кәрімнен бір үзінді алып жазып отырған. Мұндай дағдыдан ол ешқашан айырылмаған деседі. Әдеттегідей, каллиграфтар аяқтарын молдасқұрып, алдына қатты қағазды (картон) тірек болу үшін қойып, оның үстіне қағаз не пергаментті жайып, жазуын асықпай отырып жазған. Егер де каллиграф жазуды екі қолымен бірдей жаза алатын қасиетке ие болса, онда

осыдан оның шеберлігі байқалады. Шынында да, каллиграф атағына ие болу үшін, алғышартының бірі көпжылдар бойы әйгілі болған каллиграфтардың еңбектерін бірінен соң бірін көшіріп жазуында болды. Сұлтан Али Мешхеде каллиграфия өнеріне бөлек **трактат** арнаған. Онда Али Мешхеде жаңадан осы өнердің баспалдағына қадам басқан оқушыға практикалық кеңестер берген. Осы трактат каллиграфиялық мектептердің негізгі ұстанымдарын ашып көрсететін оқу құралы болды. Мысал үшін, маңызды бір жағдайдың бірі, әртүрлі каллиграфтардың туындыларын оқырманға көрсету арқылы, солардың ішінен ең сұлу не жанына жағымдысын оқушы таңдап алып, тек сол жазу түрін, шебердің қолымен бірігіп кету және оның техникасын толық меңгеру мақсатында жазылған.

Кейбір каллиграфтар сопылар болған. Олар жазу жазып отырған кездерінде көз алдыларына көптеген символикалық ой-толғаныстар мен қаламның және махаббаттың араларындағы метафоралық байланыстарды елестетіп отырған. Мистикалық идеялар көбіне лирикалық және дидактикалық поэзияға суреттеме (иллюстрация) ретінде көркемдік метафоралар (гр. *metaphora* – сөздерді ауыспалы мағынасында беру) мен аллегорияларда (гр. *allegoria* – астарлап айту) көрініс тапқан. Миниатюралар мен керамикадағы жазуларда нақты



сопылардың өмірінен үзінділер салынып отырған. Тіпті кейбір кезде әдеби мәтіннің нақты суреттемелері бейнеленген. Кәдімгідей шамшырақты алып отырып, оның бетіне сопылық поэзиядан үзінділерді нақыштап жазып қойып отырған. Бұған мына мысал бола алады: «Шырагданның балауызбен жылағаны

*испеттес, Сүюші де сол секілді өзінің Сүйгенін сағынады»*

Араб каллиграфиясында әйгілі болған бірінші тұлға – ол *Халид Аби Хаййаз* болған. Деректерге сүйенетін болсақ, ол б.з. VII – ғасырында өмір сүрген. Бірақ оның жетістіктері туралы біз нақты ешнәрсе айта алмаймыз. Кейін, VIII – ғасырда Готба атты каллиграф 4 каллиграфиялық стилді ойлап тапты – меккелік, меиналық, басралық және куфи. Аттары көп жағдайда олардың шыққан жерлеріне байланысты қойылып отырған, бірақ мұның өзі ғылыми тұрғыдан әлі дәлелденбеген. Бұл ертедегі араб жазуларының шығуына түрткі болған тағы бір нұсқасы - ислам қауымдастығында пайда болған әртүрлі идеологиялық секталардың өзара тартыстары деседі. Кейбір ғалымдардың айтуынша, шебер каллиграфтың бірі Мұхаммад Алидің күйеу баласы болды дейді, бірақ бұған да дәлел болатын ешбір дерек көзі жоқ.

Аббасид халифтердің дәуірінде халифтің билігін орталықтандыру мен нығайту үшін жазғыштар (*куттāб*), каллиграфар, хатшылар мен әкімдер ұйымдары кеңейе бастады. Енді билік жазғыштар мен әскерлердің қолына көшті. X ғасырда ислам әлемі мәдени егемендікке жетті, сол себептен каллиграфия да дами түсті. Бұрынғы сакральді кувидің орнына енді дәуірдің ауысуын білдіретін насх және басқа курикти жазулар келді. Енді «ұлы каллиграфтар» дәуірі басталды: Ибн Муқла, Ибн әл-Баууаб және Йакут әл-Муста‘сими /4, 265-292/.

### **Ибн Муқла**

Ибн Муқла және Ибн әл-Баууаб араб каллиграфиясының негізін салушылар деп танылады.

Ибн Муқланың (272/886 – 328/940 жылдары өмір кешкен) есімі аңызға айналған. Оның дарынына қатысты ақындар ән мен өлеңдер арнап жазған. Абдулла ибн әл-Зарижи былай деп жазған: «Ибн Муқла – каллиграфия өнерінде елші болған». Ол араб каллиграфиясын ретке келтірген. Оның ұстанымының негізінде – кез-келген элементке модуль болатын нақты түрде құралған пропорция жүйесінде шеңбер (дөңгелек) болды. Араб

алфавиті әріптерінің өлшем бірлігі нүкте болып табылды. Бұдан басқа, тағы әрбір әріп белгілі бір нүктелер санынан құралған.

Ибн Муқла жазуда жетістіктерге жету мақсатында өзінің заңдылықтарын ойлап тапты. Негізгі заңдылықтарға мыналар жатады: пропорцияларды ескеру; көлденеңді, вертикальді, домалақ немесе қисық геометриялық формалардағы қимыл мен қалыпты сақтау; жуан және жіңішке сызықтардың өзара үйлесуі. Ең басты шарт – ол қаламды ұстаған кезде, жазудағы діріл мен толқындарды болдырмас үшін, жазып отырған адамның қолы батыл бола тұра, еркін және майысқақ болуы шарт.

Кейбір дерек көздері бойынша, Ибн Муқла қарқынды әлеуметтік қызмет атқарды және өзінің батыл мінезімен танымал болған. Халиф Ради Биллахқа қарсы жан жалға қатысқаны үшін, оның оң қолын шауып тастаған. Оған қарамай, сол қолымен де әрі қарай жаза берген. Содан кейін оның тілін кесіп алады. Ауыр жарақаттан айыға алмағаннан кейін, сарай түрмесінде дүние салады. Аңыздар бойынша, «Ибн Муқланың жомарттылығына шек болмаған, ал оның өнері – жұмақ секілді» /13, 267/.

Өкінішке орай, бұл каллиграфтың қолжазбаларының бірде-біреуі сақталмаған, бірақ көптеген еңбектер еш дәлел олмаса да Ибн Муқланың әйгілілігіне байланысты қаламынан туған деп айтылған. Өзінің ұстазының жолын қуған Ибн Муқланың шәкірті Ибн әл-Баууаб болды.

### **Ибн әл-Баууаб (1022 ж. туған)**

Абу- л-Хасан Али ибн Хиләл - 413 хижра жылы бойынша/1022 ж. туған. Ибн Муқланың шәкірті әрі ізбасары Ибн әл-Баууаб шебер каллиграф, жазғыш және суретші-сәндеуші болған. Ол Бууайхидтер кезеңінде жұмыс істеген. Ибн әл-Баууабтың ойлап шығарған стилі әлі күнге дейін қолданыста бар. Дәстүр бойынша, мухаққақ және райхани жазулары Ибн әл-Баууабтың ойынан шыққан. Құранның 64 нұсқасын көбейтіп жазған. Сонымен қатар, бұл кісі Ибн Муқланың жазу стиліне еліктеген.

«Ибн әл-Баууабтың ең әйгілі Құраны» 399 хижра жылы/1000-1001 жж. жазылған. Құранның мәтіні алтынмен жаланған ою-өрнекпен мәтіннің шетінде (поля) және ортасында жазылған. Осы Құран Chester Beatty жинағында әлі күнге шейін сақталып келеді.

Құранның негізгі корпусы қара сиямен, насх жазуымен, ал сүрелердің басын айқындау үшін және шет жақтардағы пальметтерді көркемдеу үшін декоративті жазулар мен түрлі-түсті сиялар қолданған. Әрбір бесінші айыат алтын хамисамен («ха» әрпінің соңғы формасы) белгіленіп отырған, ал әрбір оныншысы «аширамен», ол куфи жазуының әріптерімен жазылған медальон. Әл-Баууабтың жазған Құранында дәстүрге сай декламациялық белгілері болмайды.

Әл-Баууабтың каллиграфиясы сенімді, барлық пропорцияларға сай оқуға деген ыңғайлы курсивті насх жазуымен ерекшеленеді. Ерекше көңіл диакритикалық белгілердің жантайған штрихтары мен харакаттарға бөлініп отырған.

«Ибн әл-Баууаб» - тың атын тура аударатын болсақ, онда ол «Есік ашушы адамның баласы деп аударылады.

#### **Иакут әл-Муста'сими (1298 ж. д. к)**

Иакут әл-Муста'сими 698 хижра ж./ қазіргі жыл санау бойынша 1298 ж. өмірге келген. Ол Ибн әл-Баууабтың ең соңғы шәкірттерінің бірі болып саналады. Оның басқа әріптестерінен ерекшелігі өзінің ұстазының туындыларын зерттей отырып, шабыттанатын болған. Бірақ, өкінішке орай, ол қанша тырысқанымен, өзінің ұстазының жазу шеберлік деңгейіне жете алмаған. Әл-Муста'сими аббасидтік соңғы халифтың сарайында каллиграф-жазғыш ретінде қызмет жасаған. Оның зор еңбектерінің арқасында «сульс» жазуы өзінің болашақ даму жолын тапты десек болады. Сол кезден бастап, енді сульс жазуы жеке, әрі дербес каллиграфиялық жазу түріне айналды. Әл-Муста'симидің тағы да бір ерекшелігі – ол қаламды өзінің ыңғайына келтіре отырып қолдан жасап алатын болған. Ол, жазуында ашық экспрессивті сызықтарды және қаламды жоғары қарай жүргізгенде жіңішке

сызықтарды жазу үшін қамыс сабағын көлденеңнен кесіп отырған.

#### **Қажы Мир Али ибн Ильяс Тебризи (1330-1405)**

Мұсылман каллиграфиясы шарықтау шегіне жетіп, одан әрі ешқайда өзгермейтін сияқты болғанның өзінде де, XIV ғасырда Әзірбайжан елінде бүкіл мұсылман еліне әйгілі болған хаттат пайда болады. Ол кісі «Хаджа Мир-Али ибн Ильяс Тебризи» есімімен белгілі болған. Каллиграфиялық трактаттарының авторлары мен ғұламалардың тұжырымдары бойынша, классикалық «жазулардың алтылығын» ығыстырып тастап, *настаглик* жазуы осы хаттаттың ойынан шыққан деп өзара келіседі. Орта ғасырлық аты-жөні беймәлім автор былай деп айтқан: «Насх пен тағлиқ жазуының қосындысынан туған *настагликті* шынында да Мир Али Тебризи ойлап шығарған болатын. Ол өзінің шебер ойымен насх және тағлиқ элементтерін бір жазу бойына ұштастырған. Оның қамыстан жасалған қаламы таза Тебриз жерінен өскендіктен, жазуы соншалықты ләззатті көрінеді».

Аңыз бойынша, ешкімнің жазуына ұқсамайтын жазуды ойлаумен басы қатып жүрген Мир Алиге түс кіреді. Түсінде бірінші шейіттік имам Муртуза-Али оған былай дейді: «Уа, Алланың құлы! Дұрыс және ынта қойып үйректі бақылай отырып оған ұқсас жазу түрін ойлап шығар... Оның көзіне, тұмсығына, мойнына қарай отырып; олардың қаншалықты дөңгеленгеніне, шығып тұрғанына, кірігіп тұрғанына қарай отырып шығар дейді».

Әмір Тимур Али тұсында Мир Али *настаглик* жазуының авторы ретінде мойындалып, сонымен қатар оның империясының ең лауазымды каллиграфтардың бірі болып танылған. Мир Али Тебризидің қолжазбалары Лондон, Тегеран, Санкт-Петербург мұражайларында әлі күнге дейін сақталуда.

Мир Алидің жаңа жазуын меңгеріп алған алғашқы шәкірті – оның ұлы Мир Абдуллаһ болған. Мир Абдуллаһ әкесінің жолын қуып, каллиграф ретінде көптеген елдерде танымал болып, «Шекерин

Калем» (тәтті қалам) атанып кеткен. Мир Абдуллаһтың шәкірті XV ғасырда Әзірбайжандық каллиграф Джафар Тебризи болған. Ол настағлиқ жазуына көптеген көптеген еңбек сіңіріп, оны осы жазудың екінші ойлап табушысы (المخترع الثاني) деп атап кеткен /5, 211-213/.

#### Омар әл-Ақта

Жазудың тағы бір шебері - Омар Ақта. Оның «Ақта» деген лақап аты екі қолының біреуі шабылған деген мағынаны білдіреді. Себебі, оның оң қолы Ибн Муқланыкі секілді жанжалдың арқасында шауып тасталған. Бірақ оның жазған жазуына көрермен назар жүгіртетін болса, онда оның не оң не сол қолымен жазылғанын ажырата алмайды. Жоғарыда айтылғандай, нағыз каллиграфтың шеберлігі оның екі қолымен бірдей жаза алатын қасиетімен танылады. Каллиграфтар үшін сол кезде қолданылатын ауыр жазалардың бірі олардың қолдарының бірін шауып тастау болып табылған. Бізге белгілі болғаны әл-Ақтал әйгілі әмір Темірланға (1335 (736) – 1405 (807)) арнап, оның жүзігінің ішкі ұясына сиып кететіндей пішінде қасиетті Құран Кәрімді *губар* жазу техникасымен орындап, сыйға тартқан. Ал Темірлан өзінің атын кішкентай жазуымен жазылғанын көргеннен кейін, оған әрине ұнамаған. Мұндай ескертпені естіген әл-Ақтал керісінше әріптерінің пішінін бір зарға (бір құлашқа сай) тең келетіндей етіп жазып берген. Ол әлгі жазылған Құранды арбасына тиіп алып әмірдің сарайына аттанады. Мұны естіген Темірлан бүкіл өзінің жанындағы адамдарын жинап алып аулаға шыққанда, оның қуанышына шек болмаған. Оған мың да бір алғыс айтып, сый-сияпатқа бөлендірген /6, 25-29/.

\*\*\*

1. Истрин В.А.. Развитие письма. М., 1961;
2. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі., Сауд Арабиясы 1991 ж.
3. Текст воспроизведен по изданию: Кази-Ахмед. Трактат о каллиграфих и художниках, пер. Заходера Б.Н.. М., Искусство. 1947.
4. Мухаммад Ганум, Эстетика и системы арабской каллиграфий», автореферат, Ташкент, 1992 г.
5. Кази-Ахмед, Трактат о каллиграфих и художниках 1596-97/1005.// Введение, Перевод и комментарий п. Б.Н. Заходера, М.-Л., Искусство, 1947.
6. Хади Абдуль-Али Аль Сакер, Орнаментальное искусство арабов периода средневековья, автореферат, М., 1984 г.

\*\*\*

История письма тесно связано с развитием языка всего человечества. И поэтому, история письма играет немаловажную роль в изучении не только арабского, но и любого другого языка. Необходимо заметить, что в Казахстане очень мало научных трудов, посвященных истории арабского письма, нежели в западных странах. В данной статье будут рассматриваться такие моменты как происхождение и развитие арабского письма, также общее понятие об арабской каллиграфии и его основоположниках из арабских стран.

\*\*\*

The history of writing is closely connected with the development of the language of all mankind. Consequently, the history of writing plays an important role in studying not only Arabian, but also any other language. It is necessary to notice, that in Kazakhstan there are not enough the scientific researches on history of Arabic writing, rather than in the western countries. In this article will be considered such moments as origin and development of Arabic writing and also will be considered the general notion about Arabic calligraphy and its founders from Arabic countries.